

**6D012000-«Кәсіптік оқыту» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алу үшін ұсынылған Аширова Жазира Уәлиханқызының «Колледж студенттерін құқықтық мәдениетке тәрбиелеудің ғылыми-педагогикалық негіздері» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына**

**ПІКІР**

Қазіргі таңда кәсіптік білім беруде тек ақпарат мәліметтерін меңгертумен шектелмей, іс-әрекетін өздігінен тиімді ұйымдастыра отырып, шығармашылықпен жұмыс атқара алатын, күнделікті өзгерістерге тез бейімделетін, колледж студенттерін құқықтық мәдениетке тәрбиелеу - маңызды мәселелердің бірі болып отыр. Өмірде және жаңа әлеуметтік ортада кәсіби ұстанымының негізі ретінде құқықтық мәдениеті дамыған мамандарға қоғам мен мемлекеттің үздіксіз өсіп келе жатқан қажеттілігімен және осы қажеттілікті білім беру жүйесінің барлық деңгейлерінде социумның қамтамасыз ете алмауын жете түсінбейді. Бұл қайшылықтар докторанттың зерттеу проблемасында, колледждегі заң бейінінен басқа студенттерді құқықтық мәдениетті игерген, жан-жақты интеграциялық білімге құмар, өздігінен креативті зерттеу жүргізе білетін, жеке болмыстық сапасы жетілген, білім беруді зерттеушілік тұрғыдан ұйымдастыра білетін маман даярлау қажеттілігі туындап отыр.

Ендеше, колледж студенттерін құқықтық мәдениетке тәрбиелеуде кәсіби білім беру жүйесі де элемнің жетекші мемлекеттерінің бәсекеге қабілетті талаптарына және нәтижеге бағытталған білім моделінің стратегиялық дамыту жоспарына сәйкес құрылуымен ерекшеленуі тиіс. Осыған орай, аталған қажеттілікті жүзеге асыру мақсатында докторант Ж.У.Аширова «Колледж студенттерін құқықтық мәдениетке тәрбиелеудің ғылыми-педагогикалық негіздері» тақырыбындағы жұмысы өзекті болып отыр. Аталған мәселенің өзектілігін айқындай келе докторант Аширова Жазира Уәлиханқызы колледж студенттерін құқықтық мәдениетке тәрбиелеу мәселесімен тікелей арналған еңбектер жоқтың қасы екендігін өз жұмысында зерделеген. Сонымен қатар педагогтың кәсіби стандартының негізінде алынған тәрбиелеу функцияның мәні мен мазмұны жан-жақты қарастырылған.

Аширова Жазира Уәлиханқызына әдебиеттерге талдау жасай отырып, колледж студенттерінің құқықтық мәдениетін олардың құқықтық тәрбиесін қалыптастырудың жиынтығын: құқықтық сана, заңды қолдану қабілеттері мен дағдылары, құқықтық құндылықтарды білу, олардың осы қоғамдағы қорғалу дәрежесі және мінез-құлқының құқықтық нормалардың талаптарына сәйкестігін, студенттердің құқықтық мәдениетін көтеру оларға құқықтық білім жүйесін игеруге, кез-келген құқықтық жағдайды шешуде жауапты тәуелсіз шешім қабылдауға мүмкіндік беретін жеке және кәсіби ұстанымды дамытуға мүмкіндік береді.

Ж.У. Ашированың диссертациясында зерттеудің ғылыми аппараты талапқа сай құрылған, зерттеу міндеттері нақты айқындалып, алдына қойылған міндеттерді шешудің жолын айқын дұрыс тапқан.

Зерттеудің ғылыми жаңалығында ізденуші өз мәселесін шешуде ғылыми негіздерге сүйене отырып зерттеу міндеттерін айқындап, мынадай ғылыми нәтижелер алған: колледж студенттерінің құқықтық мәдениетінің маңызы, құрылымы мен функцияларын айқындаған; болашақ маманның кәсіби және тұлғалық қалыптасуы мен дамуындағы құқықтық мәдениеттің тәрбиелік мәні анықтады; колледждің мәдени-тәрбиелеу ортасында студенттерді құқықтық мәдениетке тәрбиелеудің педагогикалық моделін құрудың алғышарттарын негіздеген, колледждің мәдени-тәрбиелеу ортасында студенттердің құқықтық мәдениетке тәрбиелеудің педагогикалық моделін жасап, педагогикалық шарттары ұсынып, колледж студенттерін құқықтық мәдениетке тәрбиелеу моделін іске асырудың тиімділігін эксперимент барысында негіздеген.

Автор диссертациялық мәселені шешу барысында алған нәтижелері мен қорытындылары: алғашқы теориялық және әдіснамалық көзқарастармен; практикалық жұмыс мазмұнының ғылыми аппаратқа сәйкестілігімен; зерттеу проблемасын зерделеуде зерттеу міндеттеріне барабар әдістер кешенін пайдаланумен; зерттеу деректерінің дәлелділігімен; бастапқы және соңғы көрсеткіштердің нәтижелерін қорытындылауы арқылы дәлелдеген.

Ж.У.Аширова зерттеу барысында қол жеткізген нәтижелері логикалық түрде құрылған ішкі біртұтастығымен, бірізділігімен ерекшеленеді. Әр бөлім мазмұнды байланыспен ұштасқан. Зерттеудің қорытындысы ғылыми тұрғыда дәлелді тұжырымдалған. Докторанттың жұмысы кәсіптік білім, педагогика, психология ғылымдарының теориясы мен практикасына қосқан сүбелі үлесі деп тұжырымдауға болады. Өйткені бұл жұмыста бүгінгі қоғам талабына сәйкес колледж студенттерін құқықтық мәдениетке тәрбиелеудің ғылыми-педагогикалық негіздері педагогикалық, психологиялық тұрғыда тиімді зерделенген. Докторанттың зерттеу қорытындылары бойынша 15 авторлық бірлестікте жазылған ғылыми еңбектерінде жарық көрген.

Диссертация мазмұны толық. Зерттеу жұмысы талаптарға сай жазылған. Докторант диссертациялық жұмысты жазу барысында аса жауапкершілікпен қарағандығын дәлелдейді.

6D012000-Кәсіптік білім беру саласы бойынша PhD докторы ғылыми дәрежесін алу үшін дайындаған Аширова Жазира Уәлиханқызының дайындаған «Колледж студенттерін құқықтық мәдениетке тәрбиелеудің ғылыми-педагогикалық негіздері» тақырыбындағы диссертациясы ғылыми жұмыстарға қойылатын талаптарға толық сәйкес келеді.

Автордың ғылыми зерттеу жұмыстарының кезеңдері және алған нәтижелері жүйелі түрде ашылған. Аширова Жазира Уәлиханқызының докторлық диссертациясы рәсімдеудің жалпы ережесін толық қанағаттандырады, ғылыми аппарат жүйелі түрде сауатты құрылған.

Жалпы қорытындылай келе, докторант алға қойған міндеттерінің шешімін толық тауып, зерттеуде алынған нәтижелер мен қорғауға ұсынған ережелері ғылыми негізделген және эксперименталды түрде расталған деп айтуға болады.

Аширова Жазира Уәлиханқызын қорғауға ұсынған диссертациялық жұмысы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитетінің диссертациялық жұмысқа қойылатын барлық талаптарына сай келеді. Осыған байланысты мен Ж.Ашированы 6D012000-«Кәсіптік оқыту» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алуға лайық деп есептеймін.

Ғылыми кеңесші,  
педагогика ғылымдарының  
докторы, профессор

**КОЛЫН РАССТАЙМЫН**  
КЖЖ бөлімінің  
басшысы



**С.А.Жолдасбекова**